

## ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМІ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

Мықты, нәтижелі, бәсекеге қабілетті демократиялық құқықтық мемлекет құру – халықаралық-құқықтық бағдарларға негізделген, басқа елдердің оң тәжірибесін, сонымен қатар Қазақстанның бүгінгі және келешек ұрпақтың ерекшеліктері мен мүдделерін ескеретін, алдында қойған міндеттерінің деңгейіне және күрделілігіне сәйкес конституциялық-құқықтық дәрежесін нығайту және жүйелі іс асырылуының алғышарты.

Құқықтық нигилизм мәнінің теориялық-құқықтық талдамасы бұл құбылысты келесі жайғасымдардан қарастыруға болатын бастаулар бар деген болжамдар жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, құқықтық нигилизмнің жіктелімі жүргізілетін негіздемелеріне қарай әртүрлі пішіндері, түрлері және деңгейлері бар; екіншіден, құқықтық нигилизм қоғамдық-саяси ойдың құқықтың әлеуметтік және жеке құндылығын теріске шығаратын және оның қоғамдық қатынастарды реттейтін барынша жетілмеген тәсіл деп есептейтін бағыты болып табылады. Құқықтық нигилизм құбылысы қоғамдық немесе жеке сананың элементі, сондай-ақ жеке адамның немесе жалпы қоғамның мінез-құлқының моделі болып табылады. Құқықтық нигилизмнің пайда болуының моральдық-психологиялық жағы құқыққа деген абыройсыздық болып табылады. Құқықтық нигилизм проблемасы біздің елімізде құқықтық институттар басталғалы өзекті болды және қазіргі уақытта да солай болып қала береді. Құқықтық нигилизммен күрестің қажеттілігі туралы бүгін де айтылады. Заңдарды тиісінше елемейтін, бұзатын, сақтамайтын және құрметтемейтін жағдайлар бар. Оны тек «ақ» немесе «қара» бейнеде қарастыруға болмайды, оны зерттеуге объективті және тыңғылықты түрде келген дұрыс. Құқықтық нигилизм ұғымының көп мағыналылығы оны ғылыми термин ретінде қолдануда қиындық тудырады.

Құқықтық нигилизм - қоғамдық сананың элементі, ол заңға, заң үстемдігіне, мемлекетке, оның рәміздеріне немқұрайлы, күмәнді көзқараста немесе тіпті олардың әлеуметтік құндылығын толық теріске шығаруда көрінеді, саналы түрде оларды бұзу сияқты жағдайларда көрініс табады [1;32].

Бүгінгі Қазақстандағы құқықтық нигилизм көрінісінің барынша кең тараған үлгілеріне: ұйымдасқан қылмыстың кең тараған әрекеті, мемлекеттік аппарат бөлігінің жемқорлығы, қазақстандық құқықтық жүйедегі нормативті-құқықтық актілердің қарама-қайшылығы немесе тіпті бірін-бірі өзара жоққа шығарушылығы; сектанттық бағыттағы ресми емес діни бірлестіктердің, саяси немесе діни экстремизмдік ұйымдар мен топтардың антиқұқықтық қызметі; адам құқығы мен бостандығын мойындамау немесе бұзу жатады.

Құқықтық нигилизмді жеңудің негізгі жолдары – азаматтардың жалпы және құқықтық мәдениетін, олардың құқықтық және моральдық санасын көтеру; заңнаманы жетілдіру; құқықбұзушылықтардың және ең алдымен қылмыстардың алдын алу; заңдылық пен құқықтық тәртіпті, мемлекеттік тәртіпті бекіту; жеке тұлғаның құқығын құрметтеу және барлық шамада қорғау; жалпылама ағарту және тұрғындарға құқықтық тәрбие беру; біліктілігі жоғары заңгер кадрларды дайындау; құқықтық реформаны тезірек жүргізу және тағы басқалары. Алайда, анық болып тұрғаны сол құқықтық нигилизмді бір сәтте жою мүмкін емес. Бұл қиын және ұзақ үрдіс.

Ең алдымен нигилизмге қарсы күрес екі бағыт бойынша іс-шараларды іске асыруды қамтитынын атап өткен жөн: алдын алу және еңсеру. Профилактика нигилизмнің даму себептері мен жағдайларын анықтау сондай-ақ жою болып табылады. Алдын алу құқықтық сананың өзгеруіне кедергі келтіретін шараларды іске асырудан тұрады. Құқықтық нигилизмді еңсеру процесі қоғамдық өмірдің басқа салаларымен байланысты екенін, сондай-ақ белгілі бір уақыт ішінде әсерін сақтайтын бірқатар іс-шараларды орындауды қамтитынын атап өткен жөн [2;15].

Осы келеңсіз құбылысты еңсерудің бірінші қадамы азаматтардың рухани өмірін ынталандыру болып табылады. Бірінші кезекте бұл білім беру. Жеке тұлғаның заңгерлік мәдениеті құқықтық білімді, ойлар мен нанымдарды қамтиды, бұл дұрыс және қолайлы мінез-құлықты бейтарап мінез-құлықтан ажыратуға мүмкіндік береді. Рухани саланы ынталандырудағы маңызды аспект құқықтық білім беру болып табылады, ол қоғамда заң мен әділеттілікті құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етеді. Құқық бұзушылықтың алдын алу, бұқаралық ақпарат құралдарымен құқықты жалпыға бірдей насихаттау жолымен халықты жаппай ағарту және құқықтық тәрбиелеу, кәсіптік құқықтық білім беруді реформалау жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу қажет.

Құқықтық нигилизмнің күнделікті және теориялық деңгейдегі көрінісі жалпы қоғамның дамуы үшін теріс салдарлар туындатады, бірақ барынша қауіптісі бұл құбылыстың кәсіби деңгейде көрінуі және әсіресе оның субъектілері (қолданушылары) құқық қорғау органдарының қызметкерлері болып табылса. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық нигилизмі олардың түп тамырында олардың билік құзыретін пайдаланып өз қызметін атқару барысында іске асырылатын нигилистік-құқықтық стереотиптер мен нұсқаулар жатқан құқыққа қарсы әрекетінен танылады [3;195].

Құқықтық нигилизмде онда бұрын болмаған жаңа сапалық қасиеттер пайда болды. Оның табиғаты, себептері, ықпал ету арналары өзгерді. Ол қоғамның барлық саңылауларын толтырды, жалпылама, қуатты сипатқа ие болды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде нигилизм:

а) жалпылама қабылданған объективті (абсолютті) құндылықтарға деген кесімді сыни, аса теріс қатынаспен реттейді;

ә) теріске шығарудың максималистік жолымен, қарқындылығымен, ымырасыздығымен;

б) позитивті бағдарламасының жоқтығымен;

в) деструктивті, бүлдірушілік бастауының болуымен сипатталады [4;58].

Құқықтық нигилизмнің алдын алудың жақсы тәсілі тұлғаның құқықтық мәдениетін мектеп жасынан бастап қалыптастыру деп есептеймін. Әлеуметтенудің ең маңызды сәтінде өскелең ұрпақ сол жерде жетілетіні себепті, мұндай маңызды мәселені шешудегі негізгі орын мектепке беріледі.

Алайда, біздің еліміздің әрбір азаматы қоғамдағы өз рөлін сезініп, өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінгенге дейін жағдай өзгермейтінін түсіну керек. Бәлкім, дәл сол кезде демократиялық мемлекеттің маңызды компоненті - дамыған, әлеуметтік және құқықтық мемлекеттің негізіне айналатын азаматтық қоғам басталады.

Нигилизм мәселесіне оралып, оның заманауи өмірге соншалықты терең енгенін және адам ақыл-ойын жаулап алғаны туралы атап өту керек, біздің алдымыздан құқықтық нигилизмді жою мүмкіндігі бар ма деген сұрақ туындайды. Бар, бірақ көп күшті қажет етеді. Құқықтық нигилизмді әлсіретудің бірден бір жолы ретінде құқықтық тәрбиені атай аламыз. Құқықтық тәрбие – мемлекеттің, оның органдарының және лауазымды тұлғаларының, қоғамдық бірлестіктерінің, еңбек ұжымдарының адамдар санасында құқықты құрметтеуді, құқықтық әдепті қамтамасыз ететін позитивті білімді, түсініктерді, көзқарастарды, жүріс-тұрыс бағдарын, нұсқауларды, дағдылар мен әдеттерді, заңдық нормаларды орындау және қолдану кезінде белсенді өмір ұстанымын қалыптастыруға бағытталған қызметінің ерекше түрі.

Профессор Матузов құқықтық тәрбиені келесі түрлерге бөледі:

а) құқықтық насихат (лекция, сұхбат, кеңестер);

ә) құқықтық оқыту (құқық негіздерін оқыту т.с.с);

б) заңгерлік тәжірибе, күнделікті машықтану (талапкер, жауапкер, жәбірленуші, халықтық өкіл, алқа би өкілі ретінде сот отырыстарына қатысу; әртүрлі азаматтық-құқықтық келісімдер жасау; адвокат қызметін пайдалану; құқық қорғау қызметі);

в) өздігінен білім алу (құқықтық құбылыстарды, қоршаған құқықтық болмысты тану және түсіну, заңнаманы, ғылыми әдебиеттерді өз бетінше оқу, айналадағылармен қарым-қатынас жасау) [5;34].

Мектеп жасынан бастап балаларға олардың өз мемлекетінің азаматы екенін, олардың өмірі осы мемлекеттің заңдарымен реттелетіні және олар өз әрекеттері үшін жауаптылықта болатыны туралы түсініктеме берілуі тиіс. Бала кезден бастап өмірге деген, адамгершілік ұстанымдарына деген көзқарас, қоғамдағы болашақ әдеп негіздері қалыптасады. Балаға дұрыс және уақытылы құқықтық тәрбие беру өмірлік қиындықтарға заңдар мен адамгершілік ұстанымдарын аттап өтпей қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді [6].

Жасы үлкен буынның басқа бөлігі Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, экономика мен заңдылық үшін өтпелі кезеңде, экономика шұғыл түрде қатаң капиталистік заңдары бар нарықтық экономика жолына түскен уақытта өсіп жетілді, бұл қатты әлеуметтік дағдарыстарға, қылмыс деңгейінің артуына, сонымен қатар қоғамның аса байлар мен кедейлерге бөлінуіне алып келді. Мұның барлығы біздің қоғамда, адам санасынан тезірек баюдан басқа қалауын ығыстырып шығаратын радикалды құқықтық нигилизмнің дамуына әкеліп соқтырды. Жоғарғы құқықтық нигилизм жағдайында, егер қоғамның өзі жылдам, заңсыз баюдың тәсілдерін дәріптеп отырса, орта таптың пайда болуы өте қиын.

Басында айтып өткендей, құқықтық нигилизмнің басты үлгілерінің бірі қолданыстағы заңдарды және басқа нормативтік актілерді қасақана бұзу болып табылады. Құқықтық нигилизмнің барынша мықты катализаторы, нигилизмнің көзі болып табылатын – қылмыс. Шындығында да, егер адам заңдар мен құқықты құрметтемесе, сақтамаса ол оны бұзады. Алайда, барлығы бірдей құқықтық нормалардың нұсқауларын сақтайтын болса, іс жүзінде қылмыс та болмас еді. Құқықтық нигилизмнің тағы бір танылатын түрі құқықтық нормалардың нұсқауларына назар аудармау, қоғамға әкелер қаупі аз болса да, құқықтық тәртіп үшін барынша қауіпті.

Осылайша, нигилизм – бұл, ең алдымен, жалпыға ортақ құндылықтарды, идеалдарды, қоғамдық нормаларды, мәдениет нормаларын және қоғамдық өмір қалыптарын жоққа шығару. Сәйкесінше, ол қандай құндылықтардың жоққа шығарылуына және сенімнен тыс болуына, білім мен әлеуметтік тәжірибенің қай саласы туралы мәселе қозғалып отырғанына қарай нигилизм көп қырлы, ол адамгершіліктік, құқықтық, идеологиялық, діни бола алады. Нигилизм көбінесе бірден көптеген белгілерімен көрініс береді: ғылымда, мәдениетте, әдепте, дінде, саясатта, экономикада. Бұл ол танылатын көптеген әртүрлі қырлары арасындағы айқын шекаралардың жоқтығын растайды. Дәстүрлі түсінік бойынша нигилизм деструктивті, әлеуметтік зиянды құбылыс деп қабылданады. Құқықтық нигилизмді зерттеп, оның танылуының көздері мен бастауларын қарастырып, бұл құбылыстың мемлекеттік билік тармақтарында және халық арасында шектеуі жоқ екеніне, сондықтан жүгенсіздік деп аталатынына, оның көріністерін барлық жерде тануға болатынына көз жеткіздік.

1 Пронина К.Ю. Правовой нигилизм как индикатор гражданско-правовой активности // Актуальные проблемы государства и права. - 2017. - Т. 1. - № 3-4. - С. 32-40.

2 Зарубаева Е.Ю. Правопонимание и правосознание как элементы правовой культуры: общее и особенное // История государства и права. - 2018. - № 10. - С. 15-21.

3 Сидорова Т.А. Содержание этического нигилизма в современном обществе // Вестник НГУЭУ. - 2009. - № 1. - С. 195-204.

4 Белкин В.В. Проблема правового нигилизма в современной науке // Новые идеи в философии. - 2015. - № 2 (23). - С. 58-64.

5 Матузов Н. И. Правовой нигилизм и правовой идеализм как две стороны «одной медали» // Правоведение. – 1994. – № 2. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.law.edu.ru>

6. Профилактика правового нигилизма Казахского общества путем правового воспитания несовершеннолетних. – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.zakon.kz/-profilaktika-pravovogo-nigilizma.html>

**Жауқарбекова А.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, ФН-31к-21, студент

(Ғылыми жетекші – э.ғ.к., профессор Акбаев Е.Т.)

### «ДАМУ БАНКІ» АҚ-НЫҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІН ТАЛДАУ

Әрбір коммерциялық банк несиелік портфелін қалыптастырумен айналысады. Несиелік портфелінің құрылымы несиелік мекемесінің клиенттеріне берілетін барлық несиелердің жиынтығы болып табылады [1].

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі No178-II Заңына сәйкес Даму Банкі қызметінің мақсаттары:

- мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру және жетілдіру; - өндірістік инфрақұрылымды және өңдеу өнеркәсібін дамыту;

- ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу.

Қазақстанның Даму Банкінің негізгі міндеті ұзақ мерзімді және орта мерзімді төмен пайыздық несиелерді, оның ішінде экспорттық несиелерді беру жолымен, сондай-ақ басқа несиелік институттар беретін қарыздар мен несиелер бойынша кепілдік міндеттемелерді беру жолымен жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларын (инфрақұрылымдық жобалар бөлігінде) қаржылық қолдау болып табылады.

Даму Банкі өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы ірі жобаларды несиелеуде үдемелі өсуді көрсетіп отыр. Мәселен, 2013 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде Даму Банкінің несиелік портфелі 379 млрд теңгеден 1 971 млрд теңгеге дейін өсті (өсім 420% - ға), қарыздар мен кепілдіктердің жалпы сомасы шамамен 2 329 млрд теңгеге 103 мәміле мақұлданды, несиелік қаражатты игеру көлемі 3 019 млрд теңгені құрады (1 сурет).



1-сурет Қазақстан Республикасының экономикасын қаржыландыру серпіні.

Дерек көзі: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

Аталған кезеңде Даму банкінің көмегімен 46 инвестициялық жоба бойынша жалпы сомасы 2 341 млрд теңгеге жуық жаңа және жаңғыртылған өндірістік қуаттарды іске қосу жүзеге асырылды, оның шеңберінде 11 211-ден астам жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясын қабылдаған кезде және банкті мемлекеттік даму институттары жүйесіне енгізу банктің инвестициялық басымдықтарын нақтылауға әкелді. Банк инвестициялық жобаларды, экспорттық операцияларды несиелеу, агенттік жобаларға қызмет көрсету портфелін серпінді түрде ұлғайтуда.